

"Цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін интеграциялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 1 шілдедегі № 368/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 2 шілдеде № 39199 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің 83-бабының 3-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін интеграциялау қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Жасанды интеллект және цифрлық
даму министрі

Ж. Мадиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі

"Цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін интеграциялау қағидалары

1- тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін интеграциялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 83-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін интеграциялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) архитектуралық-үйлестіруші орталық – мемлекеттік органдардың, мемлекеттік заңды тұлғалардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде квазимемлекеттік сектор субъектілеріне тиесілі заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік басқару процестеріне қатысатын өзге де ұйымдардың цифрлық архитектурасының тұтастығын, үйлесімділігін және тиімділігін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

2) ашық деректерді ұсыну жөніндегі сервис – цифрлық объектілер арасында бір жақты тәртіппен деректерді беру тәсілі;

3) верификация токени – бастамашының және (немесе) оператордың дербес деректер субъектісінен келісім алғанын растауға арналған белгілі бір сандар мен әріптер жиынтығы түріндегі электрондық кілт;

4) веб-сервистердің қауіпсіздігі (WebServiceSecurity) (бұдан әрі – WSSecurity) – SOAP веб-сервистері арасында хабар алмасу кезінде қауіпсіздік функцияларын қолдану стандарты. Таратылған жүйелер (REST) үшін бағдарламалық қамтамасыз ету архитектурасының стилін қолданған кезде сервис қауіпсіздігі HTTPs қауіпсіздік шаралары және пайдаланушыларды аутентификациялау арқылы қамтамасыз етіледі;

5) дербес деректерге қол жеткізуді мемлекеттік бақылау сервисі – дербес деректер субъектісінен дербес деректерді жинауға, өңдеуге немесе оларды үшінші тұлғаларға беруге келісім алуды қоса алғанда, мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың цифрлық объектілеріндегі дербес деректерге қол жеткізу кезінде меншік иелерінің және (немесе) операторлардың, үшінші тұлғалардың дербес деректер субъектісімен және уәкілетті органмен ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін қызмет;

6) жария Peer IP мекенжайы – интеграциялық қызметтің бастамашысы жағында VPN туннелін тоқтататын және Интернет желісінде қолданылатын құрылғының бірегей IP мекенжайы;

7) желілік деңгейдегі Internet Protocol (бұдан әрі – IP) – компьютерлік желі түйіндері арасында олардың логикалық адрестелуін қамтамасыз ететін датаграммаларды тасымалдауға арналған TCP / IP желіаралық стек деңгейінің маршрутталған протоколы;

8) интеграциялық сервистер – уәкілетті орган айқындаған стандартты интерфейстер, хаттамалар және қол жеткізу тетіктері арқылы цифрлық объектілер арасындағы өзара іс-қимылды, деректермен алмасуды және келісілген операцияларды орындауды қамтамасыз ететін функционалдық цифрлық объектілер;

9) интеграциялық сервистің бастамашысы – интеграциялық сервисті ұсынуға сұрау салуға бастамашылық жасайтын цифрландыру объектінің меншік иесі немесе иесі;

10) интеграциялық сервистің меншік иесі немесе иесі – интеграциялық сервисті ұсынатын цифрлық объектінің меншік иесі немесе иесі;

11) кеңейтілетін таңба тілі (eXtensible Markup Language) (бұдан әрі – XML) – құрылымдық және машинамен оқылатын форматта деректерді сақтау және беру үшін пайдаланылатын кеңейтілетін таңба тілі;

12) көліктік қолтаңба – WSSecurity ерекшелігін қолдана отырып, цифрлық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы кезінде берілетін хабарламалардың тұтастығы мен авторлығын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңба ;

13) куәландырушы орталық – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілттері сертификаттарының анықтығын, электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілттерінің тиесілілігін және жарамдылығын растайтын заңды тұлға;

14) қол жеткізу ашық құқығы бар API (бұдан әрі – OpenAPI) – цифрлық жүйенің презентация бөлігі, оның пайдаланушы интерфейсі, төмен деңгейлі кітапханалар және application programming interface арасындағы интерфейсті қамтамасыз ететін ресми сипаттама;

15) қолданбалы бағдарламалық сервис – пайдаланушылардың қолданбалы міндеттерін орындауға, бизнес-процестерді цифрландыруға, ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге және өзге де сервистік функцияларды жүзеге асыруға арналған және (немесе) пайдаланылатын бағдарламалық жасақтама;

16) қолданбалы бағдарламалық интерфейс (Application programming interface, бұдан әрі – API) – цифрлық жүйелердің бағдарламалық компоненттерінің бір-бірімен өзара іс-қимылына арналған ережелер мен хаттамалар жиынтығы;

17) қолданбалы деңгейдегі Hyper Text Transfer Protocol (бұдан әрі – HTTP) – HTML форматындағы гипермәтіндік құжаттарды беру арқылы клиент пен сервер арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін протокол;

18) мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы (бұдан әрі – МО БКО) – "цифрлық үкіметтің" инфрақұрылымына кіретін және киберқауіпсіздіктің талап етілетін қажетті деңгейі сақтала отырып, мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық

бағынысты ұйымдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ уәкілетті орган айқындаған цифрлық ортаның өзге де субъектілерінің жергілікті (Интернетке қолжетімділігі бар жергілікті желілерді қоспағанда), ведомстволық және корпоративтік телекоммуникация желілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған телекоммуникациялар желісі болып табылады;

19) объектілерге қол жеткізудің қарапайым хаттамасы (SimpleObjectAccessProtocol, бұдан әрі – SOAP) – цифрлық жүйелердің интеграциясы кезінде хабарламаларды жіберу үшін XML-ге негізделген хаттама;

20) сервис паспорты – сервистің меншік иесінің немесе иесінің, сүйемелдеуші ұйымның және сервис әзірлеушісінің жауапты тұлғаларының байланыс деректері, тағайындалуы, функционалдық мүмкіндіктері, техникалық сипаттамалары, өзара іс-қимыл режимдері, ақпараттық алмасу, қосылу шарттары және интеграциялық сервистің немесе қолданбалы бағдарламалық сервистің өзге де параметрлері туралы мәліметтерді қамтитын, сондай-ақ интеграциялық өзара іс-қимыл бастамашыларын және интеграциялық архитектураға қатысушыларды осы сервисті пайдалану шарттары, стандарттары мен міндетті талаптары туралы ақпараттандыруды қамтамасыз ететін нақты сервистің веб-парақшасы;

21) сервистер тізілімі – "Smart Bridge" цифрлық платформасында тіркелген интеграциялық және қолданбалы бағдарламалық сервистердің тізбесі;

22) хабарламалық сипаттағы интеграциялық сервис – цифрлық объектілерді интеграциялау жөніндегі іс-шаралардың басталуы туралы сервистің меншік иесіне немесе иесіне хабарлама жібере отырып, цифрлық объектілердің ақпараттық өзара іс-қимыл жасау тәсілі;

23) цифрландыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – цифрландыру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

24) цифрлық жүйе – цифрлық деректерді құруды, жинауды, өңдеуді, сақтауды және таратуды қамтамасыз ету мақсатында цифрлық инфрақұрылым объектілерін пайдаланатын, сондай-ақ цифрлық орта субъектілерінің өзара іс-қимылын автоматтандыратын және (немесе) цифрлық ортада қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін функционалдық байланысты цифрлық ресурстар кешені;

25) цифрлық объект – цифрлық технологиялар арқылы құрылған, пайдаланылатын немесе берілетін, бірегей цифрлық сипаттамаларға ие және цифрлық орта субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде иелену, пайдалану не билік ету құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін цифрлық ортаның ерекшеленген элементі;

26) цифрлық объектілерді интеграциялау – деректерді берудің стандартты хаттамалары пайдаланыла отырып, интеграциялық сервистер арқылы цифрлық

объектілер арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

27) цифрлық оқиғалар журналы – жүйенің жұмысын мониторингілеу және іркіліс туындаған жағдайда себептерді анықтау үшін пайдаланылатын жұмысы туралы ақпаратты қамтитын файлдар;

28) "цифрлық үкімет" веб-порталының Identity Provider сәйкестендіру және аутентификациялау модулі – пайдаланушыларды орталықтандырылған сәйкестендіруді және аутентификациялауды, сондай-ақ бірыңғай кіру тетіктері арқылы сыртқы жүйелерді қосуды қамтамасыз ететін мамандандырылған модуль;

29) "цифрлық үкімет" операторы (бұдан әрі – оператор) – "цифрлық үкімет" цифрлық объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

30) "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі (бұдан әрі – ЦҮСШ) - МО БКО цифрлық объектілердің МО БКО тыс орналасқан цифрлық объектілермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған "цифрлық үкімет" шлюзінің кіші жүйесі;

31) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) – өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын цифрлық объект;

32) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілері – мемлекеттік органдардың және өзге де адамдардың мемлекеттік органдардың қызметін жүзеге асыруға, мемлекеттік функцияларды орындауға және мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған цифрлық объектілері;

33) "цифрлық үкіметтің" шлюзі (бұдан әрі – ЦҮШ) – "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін өзге де цифрлық объектілермен интеграциялауға арналған цифрлық объект;

34) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);

35) электрондық хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) – цифрландыру объектілері арасында ақпарат алмасуға арналған XML, JSON форматындағы электрондық құжат;

36) Java Script Object Notation форматы (бұдан әрі – JSON) – JavaScript негізінде құрылған деректер алмасудың мәтіндік форматы;

37) mTLS өзара аутентификация тетігі – TLS 1.2 және одан жоғары протоколын пайдалана отырып, цифрлық сертификаттарды өзара тексеру арқылы қосылымның екі тарапының да түпнұсқалылығын растау жүзеге асырылатын желілік өзара іс-қимылды қорғау тетігі;

38) Representational State Transfer бағдарламалық қамтамасыз ету архитектурасының стилі (бұдан әрі – REST) – HTTP, URL, JSON және XML стандарттарын пайдаланатын, таратылған цифрлық жүйелерді немесе сервистердің өзара іс-қимылын жобалау кезінде ескерілетін келісілген шектеулер жиынтығы;

39) SSL-сертификат (Secure Sockets Layer) – интернет-ресурс немесе цифрлық жүйе тарапынан аутентификация рәсімін қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын тіркеу куәлігі;

40) "Smart Bridge" цифрлық платформасы (бұдан әрі – Smart Bridge) – мемлекеттік және мемлекеттік емес цифрлық объектілердің интеграциялық сервистерін, қолданбалы бағдарламалық сервистерін жариялауға, оларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге және (немесе) олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыруға арналған цифрлық объект;

41) Transmission Control Protocol (бұдан әрі – TCP) протоколы – TCP/IP стегінің көліктік деңгейіндегі протокол, жөнелтуші мен алушы арасында алдын ала орнатылған қосылым арқылы компьютерлік желіде желілік пакеттердің сенімді берілуін және олардың ағынын басқаруды қамтамасыз етеді;

42) Uniform Resource Locator ресурстық көрсеткіші (бұдан әрі – URL) – интернет желісіндегі ресурстың бірегей көрсеткіші;

43) User Datagram Protocol протоколы (бұдан әрі – UDP) – TCP/IP стегінің көліктік деңгейіндегі протокол, жеткізілуіне кепілдік бермей, компьютерлік желіде жөнелтуші мен алушы арасында дербес датаграммаларды беруді қамтамасыз етеді;

44) Virtual Private Network логикалық желісі (бұдан әрі – VPN) – шифрлау және туннельдеу арқылы жария телекоммуникациялық желіде IP-адресі кеңейту үшін виртуализация технологиясын пайдаланатын желі;

45) X.509 сертификаты – цифрлық объектілердің өзара іс-қимылы кезінде аутентификация, шифрлау және деректердің тұтастығын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын цифрлық сертификат;

46) XSD-схема (XML Schema Definition) – XML-құжаттың құрылымын сипаттайтын, XML файлы сәйкес келуі тиіс ережелерді айқындайтын тіл.

3. Цифрлық объектілерді интеграциялау ЦҮШ және (немесе) ЦҮСШ арқылы, мына жағдайларды қоспағанда:

1) МО БКО контуры шеңберінде цифрлық объектілердің интеграциялық өзара іс-қимылдарын қоспағанда, куәландырушы орталықтар ұсынатын сервистер;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар қызметтік ақпаратты құрайтын мәліметтерді қамтитын цифрлық объектілер;

3) "цифрлық үкімет" платформасында орналастырылған және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметі бойынша талдамалық ақпарат ұсыну мақсатында бірыңғай деректер кеңістігін қалыптастыруға арналған цифрлық объектілер;

4) "цифрлық үкімет" платформасында орналастырылған және Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес салықтық және кедендік әкімшілендіруді жүзеге асыруға арналған цифрлық объектілер;

5) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан, әскери құрамалардан, әскери бөлімдер мен әскери ұйымдардан алу кезінде пайдаланылатын цифрлық объектілер;

6) ашық деректердің, ашық бюджеттердің және ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталдарын қоса алғанда, XML, JSON форматтарын және HTTP және HTTPS хаттамаларын пайдалана отырып, rest архитектуралық стилі арқылы OpenAPI, API арқылы ашық деректерді ұсыну жөніндегі сервистер;

7) электрондық нысанда мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету шеңберінде "цифрлық үкімет" веб-порталы мен "мобильді үкімет" цифрлық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл;

8) "цифрлық үкімет" веб-порталының IDP сәйкестендіру және аутентификация модулі, жүзеге асырылады.

4. "Цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерінің интеграциясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік емес цифрлық объектілерді "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерімен интеграциялау оператормен қызметтер көрсетуге шарт жасасумен өтеулі негізде жүзеге асырылады.

Жасалған шарт болмаған кезде оператор интеграциялық сервистің бастамашысын оператормен өтеулі қызметтер көрсетуге шарт жасасқанға дейін интеграциялық сервиске қосуды тоқтата тұрады.

5. Мемлекеттік емес цифрлық объектілерді мемлекеттік цифрлық объектілермен интеграциялау кезінде цифрлық жүйелердің меншік иелері және (немесе) иелері Киберқауіпсіздік бойынша бірлескен жұмыстар шартын жасасады.

6. Цифрлық объектілерді интеграциялау осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген SOAP веб-сервистерінің деректер форматтарын ескере отырып, Smart Bridge арқылы жүзеге асырылады.

7. Цифрлық объектілерді интеграциялауға арналған өтінімдер мен құжаттар интеграциялық өзара іс-қимылға қатысушылардың уәкілетті тұлғаларының ЭЦҚ-мен куәландырылады.

8. Цифрлық объектілерді интеграциялау сервистер тізілімінде интеграциялық сервис немесе қолданбалы бағдарламалық сервис болған жағдайда жүзеге асырылады.

9. Оператор интеграциялық және (немесе) қолданбалы бағдарламалық сервисті әзірлеуді және (немесе) жариялауды жүзеге асырады, сондай-ақ уәкілетті органды және архитектуралық-үйлестіруші орталықты хабардар ете отырып, еркін нысанда жасалған интеграциялық сервистің немесе уәкілетті органның меншік иесінің немесе иесінің сұрау салуы бойынша оларды өзектендіреді немесе сервистер тізілімінен шығарады.

10. Интеграциялық сервистің бастамашысы мемлекеттік интеграциялық сервисті пайдаланбаған кезде оператор он жұмыс күні ішінде уәкілетті органның және (немесе) интеграциялық сервистің меншік иесінің немесе иесінің және (немесе) архитектуралық-үйлестіруші орталығының сұрау салуы бойынша уәкілетті органды хабардар ете отырып, оны дербес деректер мен құпия ақпаратты қамтитын сервистен ажыратады.

11. Цифрлық нысанда өтеулі қызметтер көрсету кезінде цифрлық объект жүргізілген төлем туралы ақпаратты оны тіркеу үшін "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзіне автоматты түрде жібереді.

12. Интеграциялық сервиске қосылуға немесе интеграциялық сервисті жариялауға арналған өтінімге "Киберқауіпсіздік туралы" Заңның 49-бабының 2-тармағында көрсетілген цифрлық объектілерге интеграциялық сервис бастамашысының цифрлық жүйесін жатқызу кезінде қосылуға дейін үш жылдан аспайтын мерзімде берілген киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтардың оң нәтижесі бар сынақтар хаттамалары қоса беріледі.

2-тарау. "Цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін интеграциялау тәртібі

1-параграф. Интеграциялық сервис бастамашысының бастамасы бойынша Smart Bridge-де интеграциялық сервисті жариялау тәртібі

13. Интеграциялық сервисті сервистер тізілімінде жариялау үшін интеграциялық сервистің бастамашысы Smart Bridge арқылы қажетті мәліметтер қамтылған цифрлық объектінің меншік иесін немесе иесін анықтау туралы сұрау салуды архитектуралық-үйлестіруші орталығына жібереді.

14. Сұрау салудың келіп түскені туралы хабарлама алған кезде архитектуралық-үйлестіруші орталығы оны екі жұмыс күні ішінде қарайды және интеграциялық сервистің бастамашысына:

1) растау және цифрлық объектінің меншік иесі немесе иесі туралы ақпаратпен және "цифрлық үкімет" архитектурасы шеңберінде интеграциялық сервисті әзірлеу жөніндегі ұсынымдар;

2) дәлелді бас тартуды ұсынады.

15. Интеграциялық сервистің бастамашысы архитектуралық-үйлестіруші орталығының растауымен Smart Bridge-ге авторизацияланады және цифрлық объектінің меншік иесіне немесе иесіне интеграциялық сервисті құруға еркін түрде өтінім жібереді.

16. Цифрлық объектінің меншік иесі немесе иесі интеграциялық сервисті құруға арналған өтінімді ол келіп түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде қарайды. Қарау нәтижелері бойынша цифрлық объектінің меншік иесі немесе иесі:

1) интеграциялық сервисті құруға арналған өтінімді келіседі;

- 2) оны интеграциялық сервис бастамашысына пысықтауға қайтарады;
- 3) себептерін көрсете отырып, интеграциялық сервис құрудан бас тартады.

17. Интеграциялық сервисті құруға арналған өтінім келісілген жағдайда, цифрлық объектінің меншік иесі немесе иесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Smart Bridge" цифрлық платформасында интеграциялық сервисті жариялауға арналған өтінімді (бұдан әрі – интеграциялық сервисті жариялауға арналған өтінім) интеграциялық сервистің бастамашысы мен уәкілетті органды хабардар ете отырып толтырады.

18. Цифрлық объектінің меншік иесі немесе иесі интеграциялық сервисті құруға өтінімді пысықтауға қайтарған жағдайда, интеграциялық сервистің бастамашысы екі жұмыс күні ішінде осы өтінімді пысықтайды және цифрлық объектінің меншік иесінің немесе иесінің қарауына қайта жібереді.

19. Цифрлық объектінің меншік иесі немесе иесі интеграциялық сервисті құрудан бас тартқан жағдайда, оны жариялау жөніндегі іс-шаралар тоқтатылады.

20. Интеграциялық сервисті жариялауға өтінім түскен кезде оператор оны үш жұмыс күні ішінде толтырудың толықтығы мен дұрыстығына тексеруді жүзеге асырады. Тексеру нәтижесі теріс болған жағдайда оператор себептерін көрсете отырып, пысықтауға интеграциялық сервисті жариялауға өтінім жібереді.

21. Цифрлық объектінің меншік иесі немесе иесі екі жұмыс күні ішінде интеграциялық сервисті жариялауға өтінімді пысықтайды және цифрлық объектінің меншік иесімен немесе иесімен келісілген интеграциялық сервисті жариялауға өтінімді операторға жібереді.

22. Интеграциялық сервисті жариялауға өтінімді тексерудің оң нәтижесі болған кезде оператор он жұмыс күні ішінде интеграциялық сервистің бастамашысына ЦҮШ, ЦҮСШ тестілік ортасына қол жеткізуді ұсынады және оны интеграциялық тестілеуді өткізу үшін қосады.

23. Цифрлық объектінің меншік иесі немесе иесі, интеграциялық сервистің бастамашысы тарапынан интеграциялық сервисті әзірлеушілер оларды интеграциялау бойынша тестілеуді өткізу үшін цифрлық объектілерге өзгерістер енгізеді.

24. Цифрлық объектінің меншік иесі немесе иесі тарапынан интеграциялық сервисті әзірлеушілер, интеграциялық сервистің бастамашысы және оператор оң нәтиже алынғанға дейін үш айдан аспайтын мерзімде интеграциялық сервисті тестілеуді жүргізеді.

25. ЦҮШ, ЦҮСШ тарапынан ЦҮШ оқиғалар журналында тіркелетін өзара іс – қимылға қатысушылар арасында хабарламаларды беру (асинхронды сервис үшін – жөнелтушінің хабарламаның бірегей идентификаторын алуы, синхронды үшін-жауап хабарламасын алуы) интеграциялық сервисті іске асыруды растау болып табылады.

26. Интеграциялық өзара іс-қимылға қатысушылар тарапынан өзара іс-қимыл шарттарын орындау және өзара іс-қимылға қатысушылардың деректерді өңдеуі интеграциялық сервисті іске асыруды растау болып табылады.

27. Интеграциялық сервисті тестілеудің оң нәтижесі болған жағдайда интеграциялық сервистің меншік иесі немесе иесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес интеграциялық сервисті тестілеу және өнеркәсіптік пайдалануға енгізу актісі (бұдан әрі – тестілеу және пайдалануға беру актісі) қалыптастырады, оны өзінің ЭЦҚ-мен куәландырады және оны интеграциялық сервистің бастамашысына келісуге жібереді.

Теріс нәтиже болған кезде интеграциялық тестілеу оң нәтиже алғанға дейін жалғасады.

28. Интеграциялық сервистің бастамашысы интеграциялық сервисті және тестілеу және пайдалануға беру актісін жариялауға өтінімді алған кезде үш жұмыс күні ішінде тестілеу және пайдалануға беру актісін өзінің ЭЦҚ-сын куәландыра отырып, келіседі және оны операторға келісуге жібереді.

29. Оператор тестілеу және пайдалануға беру актісін интеграциялық сервисті және тестілеу актісін жариялауға өтінім алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.

30. Тексерудің теріс нәтижесі болған кезде оператор тестілеу актісін және пысықтауға пайдалануға беру актісін интеграциялық сервис меншік иесіне немесе иесіне қайтарады. Интеграциялық сервис меншік иесі немесе иесі үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тестілеу актісін пысықтауды жүзеге асырады және оны интеграциялық сервис бастамашысының қарауына қайта жібереді.

31. Тестілеу актісін тексерудің оң нәтижесі болған кезде оператор тестілеу және пайдалануға беру актісін келіседі, он жұмыс күні ішінде Smart Bridge сервис паспортын жариялайды және интеграциялық сервис бастамашысына ЦҮШ, ЦҮСШ өнеркәсіптік ортасында интеграциялық сервиске қол жеткізуді ұсынады. Уәкілетті орган мен архитектуралық-үйлестіруші орталығы Smart Bridge жеке кабинеті арқылы интеграциялық сервистің жарияланғаны туралы хабардар етіледі.

2-параграф. Цифрлық объект меншік иесінің немесе иесінің бастамасы бойынша Smart Bridge-де интеграциялық сервисті жариялау тәртібі

32. Интеграциялық сервисті сервистер тізілімінде жариялау үшін интеграциялық сервистің меншік иесі немесе иесі Smart Bridge-де интеграциялық сервисті жариялау процесін іске қосады.

33. Интеграциялық сервистің меншік иесі немесе иесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес интеграциялық сервиспен өзара іс-қимылға қойылатын талаптарды (бұдан әрі – интеграциялық сервиспен өзара іс-қимылға қойылатын талаптар) және интеграциялық сервисті жариялауға арналған өтінімді толтырады, XSD-схема қосымшасымен, сондай-ақ сынақ деректерімен сұрау салу мен жауап мысалдарының XML-ін қоса отырып, интеграциялау шарттарын қабылдайды.

34. Оператор интеграциялық сервисті жариялауға өтінімнің келіп түскені туралы хабарлама алып, интеграциялық сервисті жариялауға өтінімді және үш жұмыс күні

ішінде толтырудың толықтығы мен дұрыстығына желілік қол жеткізуді ұйымдастыруға өтінімді тексеруді жүзеге асырады.

Тексеру нәтижесі теріс болған жағдайда оператор оларды себептерін көрсете отырып пысықтауға жібереді.

35. Интеграциялық сервисті жариялауға өтінімді тексерудің оң нәтижесі болған кезде оператор он жұмыс күні ішінде сервистер тізілімінде жариялауды жүзеге асырады және интеграциялық сервистің меншік иесіне немесе иесіне ЦҮШ, ЦҮСШ сынақ және өнеркәсіптік ортасына қол жеткізуді ұсынады.

36. Уәкілетті орган мен архитектуралық-үйлестіруші орталығы Smart Bridge арқылы интеграциялық сервистің жарияланғаны туралы хабардар етіледі.

37. Цифрлық объект меншік иесінің немесе иесінің сервисіне қосылатын интеграциялық сервис меншік иесі немесе иесі көрсеткен кезде интеграциялық сервисті жариялау осы Қағидалардың 17-31-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3-параграф. Интеграциялық сервиске немесе қолданбалы бағдарламалық сервиске қосылу тәртібі

38. Smart Bridge сервистер тізілімінде қажетті интеграциялық сервис болған кезде интеграциялық сервистің бастамашысы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес интеграциялық сервиске қосылуға арналған өтінімді (бұдан әрі – интеграциялық сервиске қосылуға арналған өтінім) толтырады және интеграция шарттарын қабылдайды.

39. Интеграциялық сервиске қосылу интеграциялық сервиспен өзара іс-қимылға қойылатын талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.

40. Мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін мемлекеттік емес цифрлық жүйелердің меншік иелері немесе иелері интеграциялық сервистерді пайдаланған кезде интеграциялық сервистердің меншік иелері немесе иелері Smart Bridge-де мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті органмен осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін мемлекеттік емес цифрлық жүйелердің меншік иелері немесе иелері интеграциялық сервистерді пайдалану туралы келісім жасасады.

41. Мемлекеттік орган мемлекеттік органның интеграциялық сервисіне қосылуға өтінімді бастамашылық жасаған кезде өтінім оператордың қарауына жіберіледі. Интеграциялық сервистің меншік иесіне немесе иесіне электрондық поштаға және Smart Bridge жеке кабинетіне интеграциялық сервиске қосылуға өтінімді бастау туралы хабарлама жіберіледі.

42. Мемлекеттік емес цифрлық жүйенің меншік иесі немесе иесі интеграциялық сервиске қосылуға өтінімді бастамашылық жасаған кезде интеграциялық сервистің меншік иесіне немесе иесіне Smart Bridge арқылы интеграциялық сервиске қосылуға өтінімді қарау қажеттілігі туралы хабарлама жіберіледі.

43. Мемлекеттік емес цифрлық жүйелерді жариялауға арналған өтінімде меншік иесі немесе иесі онда дербес деректердің жоқтығы және оған кемінде 100 қосылымның болуы туралы көрсеткен интеграциялық сервиске қосқан кезде бұл интеграциялық сервис хабарлама сипатындағы сервис болып есептеледі.

Хабарламалық сипаттағы сервиске қосылуға арналған мемлекеттік емес цифрлық жүйенің меншік иесі немесе иесі өтінімді бастамашылық жасаған кезде өтінім Smart Bridge арқылы оператор мен интеграциялық сервистің меншік иесіне немесе иесіне қарауға жіберіледі.

44. Интеграциялық сервистің меншік иесі немесе иесі интеграциялық сервиске қосылуға өтінімді қарау қажеттілігі туралы хабарлама алып, екі жұмыс күні ішінде келісімі туралы жауапты не себептерін көрсете отырып, дәлелді бас тартуды жібереді.

Құқықтық немесе техникалық негіздері жоқ бас тарту, сондай-ақ Қағидаларда көзделмеген іс-әрекеттерді жасау талабына дейін қысқартылатын бас тарту уәждемесіз деп танылады және жол берілмейді.

45. Интеграциялық сервис меншік иесі немесе иесі белгіленген мерзімде жауап ұсынбаған жағдайда, хабарламалық сипаттағы интеграциялық сервиске қосылуға өтінім келісілген болып есептеледі.

46. Интеграциялық сервиске қосылуға өтінім келісілгеннен кейін операторға Smart Bridge арқылы өтінімді қарау және келісу қажеттігі туралы хабарланады.

47. Хабарламаны алғаннан кейін оператор үш жұмыс күні ішінде интеграциялық сервиске қосылуға өтінімнің толықтығы мен дұрыс толтырылуын тексеруді жүзеге асырады және ескертулер болмаған кезде оны келіседі.

Интеграциялық сервиске қосылуға өтінімді тексерудің теріс нәтижесі болған кезде оператор оны техникалық себептерін көрсете отырып, пысықтауға жібереді.

48. Интеграциялық сервистің бастамашысы үш жұмыс күні ішінде интеграциялық сервиске қосылуға өтінімді пысықтауды жүзеге асырады және оны:

1) мемлекеттік цифрлық жүйелер интеграцияланған жағдайда оператордың қарауына және интеграциялық сервис меншік иесіне немесе иесіне таныстыруға;

2) мемлекеттік емес цифрлық жүйелер мемлекеттік жүйелермен интеграцияланған жағдайда интеграциялық сервис меншік иесінің немесе иесінің қарауына қайта жібереді.

49. Интеграциялық сервиске қосылуға өтінімді келісу кезінде оператор он жұмыс күні ішінде интеграциялық сервистің меншік иесіне немесе иесіне, интеграциялық сервистің бастамашысына үш айдан аспайтын мерзімде оң нәтиже алғанға дейін интеграциялық сервисті тестілеуді жүргізу үшін ЦҮШ, ЦҮСШ тестілік ортасына қол жеткізуді ұсынады.

50. ЦҮШ, ЦҮСШ тарапынан ЦҮШ, ЦҮСШ оқиғалар журналында тіркелетін өзара іс – қимылға қатысушылар арасында хабарламаларды беру (асинхронды сервис үшін –

жөнелтушінің хабарламаның бірегей идентификаторын алуы, синхронды үшін-жауап хабарламасын алуы) интеграциялық сервисті іске асыруды растау болып табылады.

51. Интеграциялық сервис меншік иесі немесе иесі және интеграциялық сервис бастамашысы тарапынан өзара іс-қимыл шарттарын орындау және деректерді өңдеу интеграциялық сервисті іске асыруды растау болып табылады.

52. Интеграциялық сервисті тестілеудің оң нәтижесі болған жағдайда интеграциялық сервистің бастамашысы тестілеу және пайдалануға беру актісін қалыптастырады, оны өзінің ЭЦҚ-мен куәландырады және оны интеграциялық сервистің меншік иесіне немесе иесіне келісуге жібереді.

Теріс нәтиже болған жағдайда интеграциялық сервисті тестілеу оң нәтиже алғанға дейін жалғасады.

53. Интеграциялық сервистің меншік иесі немесе иесі интеграциялық сервиске қосылуға өтінімді және тестілеу және пайдалануға беру актісін алған кезде оны үш жұмыс күні ішінде келіседі, оны өзінің ЭЦҚ-мен куәландырады және операторға келісуге жібереді.

54. Оператор тестілеу және пайдалануға беру актісін алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.

55. Тексерудің теріс нәтижесі болған кезде оператор тестілеу және пайдалануға беру актісін пысықтауға интеграциялық сервистің бастамашысына қайтарады. Интеграциялық сервистің бастамашысы үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оны пысықтауды жүзеге асырады және интеграциялық сервис меншік иесінің немесе иесінің қарауына қайта жібереді.

56. Тестілеу және пайдалануға беру актісін тексерудің оң нәтижесі болған кезде оператор оны келіседі және он жұмыс күні ішінде интеграциялық сервистің бастамашысына ЦҮШ, ЦҮСШ өнеркәсіптік пайдалану ортасында интеграциялық сервиске қол жеткізуді ұсынады. Уәкілетті орган мен архитектуралық-үйлестіруші орталығы интеграциялық сервис бастамашысының Smart Bridge арқылы интеграциялық сервиске қосылуы туралы хабардар етіледі.

57. Интеграциялық сервиске дербес деректер болған кезде интеграция Қазақстан Республикасы цифрлық даму инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 8 шілдедегі № 236/НҚ бұйрығымен бекітілген дербес деректерге қол жеткізуді бақылау мемлекеттік сервисімен интеграциялау қағидаларына сәйкес дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік сервисін пайдалана отырып жүргізіледі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28786 болып тіркелді).

58. Дербес деректерді өңдеуді және беруді жүзеге асыратын интеграциялық сервистерге қосылған кезде ЦҮШ тарапынан верификация таңбалауышын тексеру

орындалады. Верификация таңбалауышы болмаған не оны тексеру сәтсіз болған жағдайда, интеграциялық сервистің бастамашысына бас тарту себебін көрсете отырып, хабарлама жібере отырып, оған қол жеткізу ұсынылмайды.

59. Smart Bridge сервистер тізілімінде қажетті қолданбалы бағдарламалық сервис болған кезде қолданбалы бағдарламалық сервиске қосылу бастамашысы оны қосуға өтінімді толтырады және қосылу шарттарын қабылдайды.

60. Өтінім Smart Bridge арқылы қолданбалы бағдарламалық сервис меншік иесінің немесе иесінің қарауына жіберіледі.

61. Қолданбалы бағдарламалық сервистің меншік иесі немесе иесі қолданбалы бағдарламалық сервиске қосылуға өтінімді алған кезде оны үш жұмыс күні ішінде келіседі және операторға келісуге жібереді немесе себептерін көрсете отырып дәлелді бас тартуды жібереді.

Құқықтық немесе техникалық негіздері жоқ бас тарту, сондай-ақ Қағидаларда көзделмеген іс-әрекеттерді жасау талабына дейін қысқартылатын бас тарту уәждемесіз деп танылады және жол берілмейді.

62. Қолданбалы бағдарламалық сервиске қосылуға өтінімді келісу кезінде оператор он жұмыс күні ішінде қолданбалы бағдарламалық сервиске қосылу бастамашысына екі айдан аспайтын мерзімде оң нәтиже алғанға дейін қолданбалы бағдарламалық сервиске тестілеу жүргізу үшін тестілік ортаға қол жеткізуді ұсынады.

63. Тестілеудің оң нәтижесі болған жағдайда оператор он жұмыс күні ішінде сервистің қолданбалы бағдарламалық сервисіне қосылу бастамашысына оған өнеркәсіптік пайдалану ортасында қол жеткізуді ұсынады.

4-параграф. Интеграциялық сервисті өзектендіру тәртібі

64. Интеграциялық сервистің меншік иесі немесе иесі интеграциялық сервистің жұмыс істеу шарттары өзгерген жағдайда немесе интеграциялық сервис бастамашысының сұрауы бойынша интеграциялық сервисті өзектендіруге бастамашылық етеді.

65. Интеграциялық сервисті өзектендіруді интеграциялық сервистің меншік иесі немесе иесі оны Smart Bridge-ге авторландырғаннан кейін операторға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша интеграциялық сервисті өзектендіруге өтінім (бұдан әрі – интеграциялық сервисті өзектендіруге өтінім) беру арқылы жүзеге асырады.

66. Оператор интеграциялық сервисті өзектендіруге өтінімнің келіп түскені туралы хабарлама алып, оны үш жұмыс күні ішінде толтырудың толықтығы мен дұрыстығына тексеруді жүзеге асырады.

Интеграциялық сервисті өзектендіруге өтінімді тексерудің теріс нәтижесі болған кезде оператор оны себептерін көрсете отырып, пысықтауға жібереді.

Интеграциялық сервисті өзектендіруге өтінімді тексерудің оң нәтижесі болған кезде оператор он жұмыс күні ішінде интеграциялық сервисті өзектендіруді жүзеге асырады.

5-параграф. Интеграциялық сервиске қосылуды өзектендіру тәртібі

67. Интеграциялық сервиске қосылудың жұмыс істеу шарттары өзгерген жағдайда интеграциялық сервистің бастамашысы оған қосылуды өзектендіреді.

68. Интеграциялық сервиске қосылуды өзектендіруді интеграциялық сервистің бастамашысы Операторға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша интеграциялық сервиске қосылуды өзектендіруге өтінім (бұдан әрі-интеграциялық сервиске қосылуды өзектендіруге өтінім) беру жолымен Smart Bridge арқылы жүзеге асырады.

69. Оператор интеграциялық сервиске қосылуды өзектендіруге өтінімнің келіп түскені туралы хабарлама алып, оны үш жұмыс күні ішінде толтырудың толықтығы мен дұрыстығына тексеруді жүзеге асырады.

Тексеру нәтижесі теріс болған жағдайда оператор интеграциялық сервисті өзектендіруге өтінімді себептерін көрсете отырып, пысықтауға жібереді.

Тексерудің оң нәтижесі болған жағдайда оператор он жұмыс күні ішінде интеграциялық сервиске қосылуды өзектендіруді жүзеге асырады.

3-тарау. Интеграциялық сервисті және қолданбалы бағдарламалық сервисті пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету

70. Интеграциялық сервистер мен қолданбалы бағдарламалық сервистер Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан цифрлық инфрақұрылымда орналастырылады.

71. ЦҮШ, ЦҮСШ технологиялық үзілістерді қоспағанда, интеграциялық сервистер мен қолданбалы бағдарламалық сервистерді тәулік бойы тұрақты негізде беруді қамтамасыз етеді.

ЦҮШ, ЦҮСШ хабарламасын қабылдау уақыты оны әмбебап синхронды арна және асинхронды арна арқылы алған сәттен бастап бір минуттан аспауға тиіс.

72. Интеграциялық сервистің бастамашысы мен интеграциялық сервистің немесе қолданбалы бағдарламалық сервистің меншік иесінің немесе иесінің цифрлық объектілерінің жұмысындағы Технологиялық үзілістер оларды өткізу басталғанға дейін үш жұмыс күні бұрын алдын ала келісіледі және олардың арасында оператормен келісіледі. Технологиялық үзілістер түнгі сағат 21:00-ден 6:00-ге дейін, сондай-ақ демалыс және мереке күндері болуы керек.

73. Тестілеуді өткізу мақсатында өзара іс-қимылға қатысушылар цифрлық объектілердің тестілік ортасының жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

74. Техникалық қате туындаған кезде оператор және (немесе) интеграциялық сервистің меншік иесі немесе иесі және (немесе) интеграциялық сервистің бастамашысы цифрлық объектіні қайта жүктеуді жүзеге асырады және басқа цифрлық

объектілердің әкімшілеріне техникалық жұмыстарды жүргізу уақыты туралы телефонограмма түрінде немесе электрондық пошта арқылы хабарлайды.

75. Интеграциялық сервистің немесе қолданбалы бағдарламалық сервистің меншік иесі немесе иесі және (немесе) интеграциялық сервистің бастамашысы туындаған техникалық қателерді түзету жөнінде шаралар қолданбаған кезде оператор үш жұмыс күні ішінде сервистің уақытша қолжетімсіздігі туралы хабарламамен тиісті интеграциялық сервисті немесе қолданбалы бағдарламалық сервисті өшіреді немесе тоқтата тұрады.

76. Байланыс операторлары интеграциялық сервисті немесе қолданбалы бағдарламалық сервисті беруді қамтамасыз ететін байланыс арналарында жоспарлы профилактикалық жұмыстарды істен шығарған немесе жүргізген кезде техникалық жұмыстарды жүргізу мерзімі байланыс операторының регламентімен айқындалады.

77. Интеграциялық сервисті іске асыру кезінде берілетін ақпаратты қорғау қамтамасыз етіледі:

1) ақпараттың тұтастығы мен дұрыстығын бақылау тетіктерін, оның ішінде XML ЭЦҚ-мен қол қойылған хабарламалардың авторлығын Растауды пайдалану;

2) интеграциялық сервистің бастамашысы мен интеграциялық сервистің немесе қолданбалы бағдарламалық сервистің меншік иесін немесе иесін оператор беретін логин мен пароль бойынша, mTLS көліктік қолтаңбасы немесе өзара аутентификация тетігі бойынша ЦҮШ, ЦҮСШ-ға авторизациялау. Таратылған жүйелер архитектурасы (REST) стилінде іске асырылған интеграциялық қызметтер үшін авторизация mTLS өзара аутентификация механизмімен бірлесіп логин және пароль бойынша жүзеге асырылады;

3) интеграциялық сервисті ЦҮШ, ЦҮСШ-ға беруге байланысты оқиғаларды журналдау арқылы жүзеге асырылады.

78. Хабарламалардың авторлығын растау көліктік қолтаңбасының сәйкестігін тексерудің оң нәтижесі интеграциялық сервис немесе қолданбалы бағдарламалық сервис меншік иесінің немесе иесінің және (немесе) хабарламаны жіберген интеграциялық сервис бастамашысының ЭЦҚ тіркеу куәлігі болып табылады.

82. Көліктік қолтаңбасы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес көліктік қолтаңбаны қолдану сценарийі бойынша интеграциялық сервисті шақыру кезінде ЦҮШ-де тексеріледі және ЭЦҚ-ның хабарламаны жөнелтушіге тиесілігін тексеруді және ЭЦҚ-ның жарамдылығын тексеруді қамтиды.

86. Интеграциялық сервиске қол жеткізуді ұсынатын цифрлық объектінің модификациясынан және (немесе) модификациясынан туындаған интеграциялық сервисті немесе қолданбалы бағдарламалық сервисті уақытша ажырату кезінде интеграциялық сервистің немесе қолданбалы бағдарламалық сервистің меншік иесі

немесе иесі уәкілетті органды және интеграциялық сервистің немесе қолданбалы бағдарламалық сервистің барлық бастамашыларын Smart Bridge арқылы оны өшіру басталғанға дейін үш жұмыс күні бұрын хабардар етеді.

Интеграциялық сервистің немесе қолданбалы бағдарламалық сервистің жұмысы тоқтатылған жағдайда оның меншік иесі немесе иесі уәкілетті органды және интеграциялық сервистің барлық бастамашыларын жұмыс тоқтатылғанға дейін бір ай бұрын Smart Bridge арқылы хабардар етеді.

87. Интеграциялық сервистің меншік иесі немесе иесі және интеграциялық сервистің бастамашысы бағдарламалық және техникалық құралдардың киберқауіпсіздігі мен тұрақты дайындығын қамтамасыз ететін жауапты тұлғаларды айқындайды және олардың құрамы өзгерген кезде қолда бар өзгерістер туралы өзара хабардар етеді және жеті жұмыс күні ішінде жауапты тұлғалар туралы жаңа мәліметтерді хабарлайды.

92. Интеграциялық сервис бастамашыларының Smart Bridge-ге сервис паспортында орналастырылған мәліметтердің өзектілігі туралы пікірі келіп түскен кезде жүйе тиісті мәртебені белгілейді. Интеграциялық сервистің меншік иесі немесе иесі мәліметтерді кері қайтарып алу келіп түскен күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде өзектендіруге міндетті.

"Цифрлық үкіметтің" цифрлық
объектілерін интеграциялау
қағидаларына
1-қосымша

SOAP веб-сервистерінің деректер форматтары

1. Асинхронды арна хабарламаларының сипаттамасы:

1.1. "цифрлық үкімет" шлюзі (бұдан әрі – ЦҮШ) және "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі (бұдан әрі – ЦҮСШ) жағындағы интеграциялық сервис интерфейсі.

SendMessage ЦҮШ, ЦҮСШ асинхронды арнасына хабарламалар жіберу әдісі қолданылады.

Қызметті ұсыну сұрауы (SendMessageRequest) келесі өрістерді қамтиды: SendMessageRequest деректер пішімі

Алаңы	Түрі	Міндетті толтыру	Сипаттамасы
request	AsyncSendMessageRequest	Иә	Сұрау салу
messageInfo	AsyncMessageInfo	Иә	Хабарламаның мета деректері
messageId	xsd: string	Иә	Интеграциялық сервис иесінің жүйесіндегі хабарлама идентификаторы (жүйемен қалыптастырылады)

correlationId	xsd: string	Жоқ	Интеграциялық сервис иесінің жүйесіндегі хабарлама тізбегінің идентификаторы (жүйенің (жіберушінің) хабарламалар тізбегі шеңберінде хабарлама болған кезде иесінің жүйесімен қалыптастырылады)
serviceId	xsd: string	Иә	Сервис идентификаторы
messageType	xsd: string	Иә	Хабарлама түрі: REQUEST – өзара іс-қимылдың бірінші хабарламасы
routeId	xsd: string	Жоқ	Хабарлама маршрутының идентификаторы (қосымша маршруттау қажет болған жағдайда тізілім бойынша идентификатор жіберушінің жүйесімен толтырылады)
messageDate	xsd: dateTime	Иә	Хабарламаның құрылған күні
sessionId	guid	Иә	ЦҮШ сессиясының идентификаторы. ЦҮШ-те толтырылады, жіберушіге толтырудың қажеті жоқ.
sender	SenderInfo	Иә	"Жөнелтуші туралы ақпарат" объектісі (жөнелтуші толтырады)
senderId	xsd: string	Иә	Жіберуші идентификаторы (жіберуші жүйесі)
password	xsd: string	Иә	Жіберушінің құпия сөзі
properties	property	Жоқ	ЦҮШ, алушы және жөнелтуші жүйесімен келісу бойынша сұраудың қосымша қасиеттері көрсетілген қасиеттер массиві.
key	xsd: int		Кілт қасиеттері
value	xsd: int	Жоқ	Қасиеттің мәні
messageData	messagedata	Иә	Деректерді беру объектісі
data	xsd: Anytype	Жоқ	Нысан хабарлама деректері (формат хабарлама алушының жүйесімен анықталады)

